


Тарихи Ҳақиқат



Орындаған: Асқарбек
Меруерт

«ТАРИХИ РАШИДИ» – «Рашидтің Тарихы»



1499 – 1551 жж.
өмір сүрген тарихшы,
мемлекет қайраткері
Мұхаммед Хайдар Мырза Дулатидің
еңбегі.

«Тарихи Рашиди» 1541 – 46 жж. аралығында Кашмир өлкесінде жазылған. Еңбекте 14 ғ. ортасынан 16 ғ. 40-шы жылдарына дейінгі Моғолстанның, Шығыс Түркістанның тарихы баяндалады. Сондай-ақ, «Тарихи Рашидиде» 14 – 16 ғ. Қазақстан, Орта Азия, Ауғанстан, Солтүстік Үндістан, Тибет тарихына қатысты құнды көптеген мәліметтер бар.

«Тарихи Рашиди» парсы тілінде жазылған шығарма. Ол екі бөліктен (дафтар) тұрады және 1541/42 жылы екінші бөлік, ал 1546 ж. бірінші бөлік жазылған.

Тарих –и Рашиди бірінші бөлім

Бірінші дәптер хронологиялық жағынан алғанда Моғолстан мен Қашқариядағы Тоғылық Темір ханнан (1347/48 – 1362/63 жж. билік құрған) Рашид ханға (1533 билікке келген) дейінгі кезеңді қамтиды. 70 тараудан тұратын бірінші дәптер тарихи баяндау түрінде жазылған.

Тарих –и Рашиди Екінші бөлім


**ЕКІНШІ ДӘПТЕР
МЕМУАРЛЫҚ СИПАТТА
ЖАЗЫЛЫП, АВТОРДЫҢ
ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КЕЗІНЕН
1541/42 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ
КЕЗЕНДІ ҚАМТИДЫ. БҰЛ
ДӘПТЕР 117 ТАРАУДАН
ТҰРАДЫ, КӨЛЕМІ ЖАҒЫНАН
БІРІНШІ ДӘПТЕРГЕ
ҚАРАҒАНДА 4 ЕСЕ КӨП.**

*Кітаптың «Тарихи Рашиди» деп аталуының
үш себебі болған:*


«Тарихи Рашидидің» тарихи және мемуарлық бөліктерінде

- Моғолстандағы Шағатай әулеті билеушілерінің тарихы жүйелі түрде баяндалады,
- дулат тайпасы әмірлерінің өміріне қатысты тарихи жәйттер суреттеледі.
- Сондай-ақ, [Орта Азияда](#) Темір әулетінің құлап, Шайбанилық әулеттің орнығуы,
- Сұлтан Сайд ханның Қашқарға баруы мен онда билікке келуі,
- моғол хандарының көрші аймақтарға жорықтары,
- моғол хандарының Қазақ хандығымен, Шайбанилар әулетімен қарым-қатынастары және т.б. көптеген мәселелер қарастырылады.


«Тарихи Рашиди» еңбегінің ортағасырлық Қазақстан тарихы үшін маңызы өте жоғары. Алғаш рет бұл еңбекте 15 ғ. ортасында Қазақ хандығының Шу өзені бойымен Қозыбасы тауы аралығында құрылғандығы, 15 ғ. ортасынан 15 ғ. 30-шы ж. аяғына дейінші Қазақ хандығының қысқаша саяси тарихы баяндалады




«Тарихи Рашиди» еңбегінің деректеріне моғолдар арасында Шағатайлық хандарға, дулат әмірлеріне қатысты кең таралған тарихи аңыз-әңгімелер, автордың өзі көріп, қатынасқан оқиғаларды баяндауы, сондай-ақ, тарихшылар: Йаздидің, Рашид ад-Диннің, Қаршидің, Йақуттың, Жувейнидің, Абдразақ Самаркандидың еңбектеріндегі мәліметтер негіз болған.




**СЕЙЙИД
МУХАММАД
КАЗИМ ЙАЗД
И**



Рашид ад-Дин




**Йақу
Т**



**Жувейн
И**

«Тарихи Рашидидің» нұсқалары әлемнің көптеген қалаларының қолжазбалар қорында, ТМД елдері ішінде Санкт-Петербург, [Ташкент](#), [Душанбе](#) қалаларында сақтаулы.

- [Еуропа](#) ғалымдары ішінде «Тарихи Рашидидің» деректерін В.Эрскин 19 ғ. ортасында пайдаланса,
- Денисон Росс 1895 ж. алғаш рет еңбекті ағылшын тіліне аударып, баспадан шығарады.
- Орыс тілінде «Тарихи Рашидидің» деректерін бірінші рет ХІХ ғ. ортасында В.В. Вельяминов-Зернов өз еңбегінде қолданады.
- «Тарихи Рашидидің» орыс тіліндегі толық ғылыми аудармасы 1996 ж. [Ташкентте](#), 1999 ж. [Алматыда](#) жарыққа шықты.



Назарларыңызға
а
РАХМЕТ!!!